# Ерікті негізде қолдану нәтижесінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) және зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану мен орындау үшін және техникалық реттеу объектілерінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 18 қазандағы № 145 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 51-бабы 1-тармағының 11) және 12) тармақшаларына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Ерікті негізде қолдану нәтижесінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) және зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану мен орындау үшін және техникалық реттеу объектілерінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу ( өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ерікті негізде қолдану нәтижесінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011), сондай-ақ зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану мен орындау үшін және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама туралы" 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 275 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 275 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 28 ақпандағы № 27 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ерікті негізде қолдану нәтижесінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011), сондай-ақ зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану мен орындау үшін және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу ( өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаға өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 211 шешімі.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* *М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 18 қазандағы
№ 145 Шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

## Ерікті негізде қолдану нәтижесінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) және зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің (КО ТР 008/2011) талаптарын қолдану мен орындау үшін және техникалық реттеу объектілерінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі БАҒДАРЛАМА

| **Р/с №** | **СМС коды** | Мемлекетаралық стандарт жобасының атауы. Жұмыс түрлері | **Кеден одағы техникалық регламентінің элементтері** | Әзірлеу мерзімдері | | **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет – жауапты әзірлеуші** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **басталуы** | **аяқталуы** | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | Лазерлік өнімдердің қауіпсіздігі. 1-бөлім. Жабдықтың | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 13.110 | сыныпталуы және талаптары. IEC 60825-1: 2017 негізінде МЕМСТ IEC 60825-1-2013 қайта қарау | 4-баптың 3.2-тармағы | 2023 жыл | 2024 жыл | Ресей Федерациясы |
| 2 | 83.140 | Әртүрлі құрамдағы материалдар. Поликарбонаттан жасалған бұйымдардан бөлінетін хлорбензолдың су мен ауаға таралу деңгейін анықтау әдістері. МВИ.МН 6309-2020 негізінде МЕМСТ әзірлеу. | 2-қосымша | 2023 жыл | 2024 жыл | Беларусь Республикасы |
| 3 | 83.140 | Полистирол мен стирол сополимерлерінен жасалған бұйымдар. Ауа мен судағы бутадиенді анықтау. KZ .06.01.00197-2020 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2-қосымша | 2022 жыл | 2023 жыл | Қазақстан Республикасы |
| 4 | 97.200.50 | Қауіпсіздік аспектілері. Стандарттарда және басқада ерекшеліктерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі басшылыққа | 4-баптың 3-тармағы | 2022 жыл | 2024 жыл | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алатын нұсқаулықтар. ISO/IEC Guide 50: 2014негізінде МЕМСТ әзірлеу | | | | Беларусь Республикасы |
| 5 | 97.200.50 | Ойыншықтар. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау. МЕМСТ әзірлеу | 4-баптың 5-тармағы | 2023 жыл | 2025 жыл | Беларусь Республикасы |
| 6 | 97.200.50 | Балалардың шығармашылығына арналған пластикалық массалар. Техникалық шарттар. СТБ 1087-97 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 4-баптың 3.4-тармағы | 2023 жыл | 2025 жыл | Беларусь Республикасы |
| 7 | 97.200.50 | Ойыншықтар. Терминдер мен анықтамалар. МЕМСТ әзірлеу | 2-бап | 2023 жыл | 2025 жыл | Беларусь Республикасы |
| 8 | 97.200.50 | Акустикалық жүйелер жабдықтары. Жеке-дара пайдаланылатын музыкалық ойнатқыштарға байланысты басты телефондар мен құлаққаптар. Ең жоғары дыбыстық қысым деңгейін өлшеу әдісі. 1-бөлік. Толық | 4-баптың 3.2-тармағының 21-абзацы | 2024 жыл | 2026 жыл | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жинақты жабдыққа арналған жалпы әдіс. EN 50332-1: 2013 негізінде МЕМСТ әзірлеу | | | | Беларусь Республикасы |
| 9 | 97.200.50 | Су бетінде және суда қолданылатын демалуға арналған қалқымалы заттар. 1-бөлік. Сыныптау, материалдар, жалпы талаптар және сынау әдістері. ISO 25649-1: 2017 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 4-баптың 3.2-тармағының 11-абзацы | 2024 жыл | 2026 жыл | Беларусь Республикасы |
| 10 | 97.200.50 | Су бетінде және суда қолданылатын демалуға арналған қалқымалы заттар. 2-бөлік. Тұтынушыларға арналған ақпарат. ISO 25649-2:2017 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 4-баптың 3.2-тармағының 11-абзацы | 2024 жыл | 2026 жыл | Беларусь Республикасы |
| 11 | 97.200.50 | Су бетінде және суда қолданылатын демалуға арналған қалқымалы заттар. 3-бөлік. А сыныбындағы құрылғыларға арналған қосымша | 4-баптың 3.2-тармағының 11-абзацы | 2024 жыл | 2026 жыл | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арнаулы қауіпсіздік талаптары мен сынау әдістері. ISO 25649-3:2017 негізінде МЕМСТ әзірлеу | | | | Беларусь Республикасы |
| 12 | 97.200.50 | Ойыншықтар. Қауіпсіздік талаптары. 4-бөлік. Химиялық тәжірибелер мен ұқсас сабақтарға арналған жинақтар. EN 71-4-2020 негізінде МЕМСТ EN 71-4: 2014 қайта қарау | 4-баптың 3.4-тармағы | 2025 жыл | 2027 жыл | Беларусь Республикасы |
| 13 | 83.140 | Судағы және әртүрлі құрамдағы материалдардан алынған су сорындысындағы кейбір ұшатын органикалық заттарды газохроматографиялық анықтау. 4.1.3166-14 МУК негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2-қосымша | 2023 жыл | 2024 жыл | Ресей Федерациясы |
| 14 | 97.200.50 | Ойыншықтардың қауіпсіздігі. 2-бөлік. Тұтанғыштық. МЕМСТ ISO 8124-2-2014 қайта қарау | 2-қосымша | 2023 жыл | 2024 жыл | Ресей Федерациясы |
| | | Ойыншықтардың қауіпсіздігі. 9- | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | 97.200.50 | бөлік. Органикалық химиялық қосылыстар. Талаптар. EN 71-9:2005 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2-қосымша | 2024 жыл | 2025 жыл | Ресей Федерациясы |
| 16 | 97.200.50 | Ойыншықтардың қауіпсіздігі. 10-бөлік. Органикалық химиялық қосылыстар. Сынамаларды дайындау және алу. EN 71-10: 2005 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2-қосымша | 2024 жыл | 2025 жыл | Ресей Федерациясы |
| 17 | 97.200.50 | Ойыншықтардың қауіпсіздігі. 11-бөлік. Органикалық химиялық қосылыстар. Талдау әдістері. EN 71-11:2005 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 2-қосымша | 2024 жыл | 2025 жыл | Ресей Федерациясы |
| 18 | 97.200.50 | Бала күтіміне арналған және күтім жасау өнімдері. Балалар әткеншегі. Қауіпсіздік талаптары және сынау әдістері. EN 16232:2013+A1:2018 негізінде МЕМСТ әзірлеу | 4-бап | 2025 жыл | 2026 жыл | Ресей Федерациясы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК